Ақтөбе облысының білім басқармасы
« Хромтау ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«№3 Хромтау орта мектебі»
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі
031100,Хромтау қаласы
Абай даңғылы 7үй
факс:21-6-81
тел: 21-6-81
E-mail: hssh3@mail.ru

«Хромтауская средняя школа №3
государственного учреждения
«Отдел образования
Хромтауского района
Управления образования
Актюбинской области»
031100, город Хромтау
Проспект Абая,дом 7
факс: 21-6-81
тел: 21-6-81
E-mail: hssh3@mail.ru

БҰЙРЫҚ №210/3 н/қ
18.09.2023 ж.
№3 Хромтау орта мектебі

«Өзін-өзі басқару» ұйымын құру туралы

Білім және ғылым министрлігінің білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру, білім алушылардың бойында азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту әлеуметтік құзыреттілік,әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті,өзінің жеке басын,қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті,гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепшілік «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдары құрылсын.
2. Жас ұрпаққа тәрбие беруге жағдай жасау,биік нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік тудыру,тәрбие жүйесінің жаңа моделін дамыту барысында мектепшілік белсенді оқушылардан «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасына сәйкес құрылып,іс-шара жоспары жасалып бекітілсін.
3. Мектеп парламентінің құрамы бекітілсін.
4. 8-10 сынып оқушылары арасында «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдары сайлау өткізіп,Мектеп президенті сайлансын.
5. Парламенттің мектептегі органдар қызметін үйлестіру тәлімгер Аблаева З.Р жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын және өз дәрежесінде өтуін қадағалауды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Кулумгарина Р.Ж мен Жубаназарова Г.Е жүктелсін.

Мектеп директоры: Отаров Ш.Т.

БЕКІТЕМІН:
Мектеп директоры:
Ш.Т.Отаров _____
«31» _____ 2023 жыл

«№3 Хромтау орта мектеп» КММ тәлімгері Аблаева Зухра Русланқызының «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымы 2023- 2024 оқу жылына арналған жылдық жоспары

Түсінік хат

Парламент – бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны.

Парламенттің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Парламенттің міндеттері: - білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру; - ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру; - әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту; - өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту. Парламент өзара көмек және сенім, дамуға ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

Парламент құрылымы 8 фракциядан тұрады:

1.Құқық және тәртіп фракциясы.
2. Ақпарат фракциясы.
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы.
4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология).
5. Қамқорлық фракциясы (еріктілік).
6. Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық).
7. Дебат қозғалысының фракциясы.
8. Экология және еңбек фракциясы.

Парламенттің жоғарғы органы – фракциялар көшбасшыларының жалпы жиналысы. Білім беру ұйымының әр сыныбында, әр тобында барлық 8 фракцияға депутаттар сайланады. Парламент Президенті қажет болған жағдайда білім беру ұйымының түрлі алқалы органдарының отырыстарына қатысады.

Парламентті басқарудың негізгі нысаны–жобалықменеджмент тетіктерді тиімді басқарудың әмбебап технологиясы. Мектеп оқушылары Парламент депутаттары бола алады.

Спорт және салауатты өмір салты фракциясының жылдық жұмыс жоспары.

№	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Қайда қаралады	Жауапты
1	Таңертеңгі жаттығуларды жасату	Қыркүйек	Өзінөзі басқару жиналысында	***Спорт және салауатты өмір салты фракциясы***
2	1-4 сыныптарды спортқа баулу	Тоқсанына 1 рет	Өзін-өзі басқару жиналысында	***Спорт және салауатты өмір салты фракциясы***
3	Мектепішілік спорт ойындарын ұйымдастыру	Жылына 2 рет	Өзін-өзі басқару жиналысында	***Спорт және салауатты өмір салты фракциясы***
4	Медицина маманымен кездесу ұйымдастыру	Жыл бойы	Өзін-өзі басқару жиналысында	***Спорт және салауатты өмір салты фракциясы***
5	Спорт- денсаулық кепілі Спорттық іс-шара	Желтоқсан	Өзін-өзі басқару жиналысында	***Спорт және салауатты өмір салты фракциясы***
6	«Таза мектеп – таза сынып» сыныпты тексеру жұмысы	Жылына 2 рет	Өзін-өзі басқару жиналысында	***Спорт және салауатты өмір салты фракциясы***
7	Қызықты қоңырау ұйымдастыру	Жыл бойы	Өзін-өзі басқару жиналысында	***Спорт және салауатты өмір салты фракциясы***

Мәдениет және өнер фракциясының жылдық жұмыс жоспары.

№	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Қайда қаралады	Жауапты
1	Мектептегі кеш, кездесу, диспут, конференцияларды ұйымдастыру	Жыл бойы	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Мәдениет және өнер фракциясы**
2	«Ұстазым менің ұстазым»	Қазан	Өзін-өзі басқару жиналысында	

3	«Қарттарым-асыл қазынам»	Қазан	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Мәдениет және өнер фракциясы**
4	«Алғыс айту- көркем мінез белгісі»	Наурыз	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Мәдениет және өнер фракциясы**
5	«Жұлдызға жол» балалар байқауы	Сәуір	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Мәдениет және өнер фракциясы**
6	«KINOKESH» көңілді кеш ұйыцмдастыру	Сәуір	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Мәдениет және өнер фракциясы**
7	Қызықты қоңырау ұйымдастыру	Жыл бойы	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Мәдениет және өнер фракциясы**
8	Мектептегі жұмыстарын жүргізу, би үйірмесін, қолөнер көрмесін, сурет көрмесін ұйымдастырады.	Жыл бойы	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Мәдениет және өнер фракциясы**

Құқықтық фракциясы жылдық жұмыс жоспары

№	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Қайда қаралады	Жауапты
1	Мектептегі оқушылардың тәртібін қарайды	Аптасына 1 рет	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Құқықтық фракциясы**
3	Мұғалімдермен бірігіп кезекшілік ұйымдастыру	Жыл бойы	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Құқықтық фракциясы**
4	Мектептегі бала құқығын қорғау инспекторымен кездесу	Қазан	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Құқықтық фракциясы**
5	Тәртіп бұзған оқушылармен жұмыс	Жыл бойы	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Құқықтық фракциясы**

6	Мектеп формасын тексеру	Жыл бойы	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Құқықтық фракциясы**
7	«Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» апталық	Қараша	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Құқықтық фракциясы**
8	«Абайланыз балалар» апталық	Жылына 2 рет	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Құқықтық фракциясы**
9	«Қылмыссыз балалық шақ» */арнайы жоспар/*	Желтоқсан	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Құқықтық фракциясы**

Ақпарат фракциясының жылдық жұмыс жоспары.

№	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Қайда қаралады	Жауапты
1	Мектеп шаруашылығын қадағалау	Жыл бойы.	Өзінөзі басқару жиналысында	**Ақпарат фракциясы**
2	Сенбілікті қадағалау	Қазан,	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Ақпарат фракциясы**
4	«Менің ұстазым» тақырыбында жас блогерлер айдары	Қазан	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Ақпарат фракциясы**
5	«Оқулықты күтіп ұста» радиолинейкасы	Қараша	Өзінөзі басқару жиналысында	**Ақпарат фракциясы**
6	Парламент отырысын өткізу	Тоқсанына 2 рет	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Ақпарат фракциясы**
7	Теріс субмәдениеттердің таралуына жол бермеу және әлеуметтік желілерде, соның ішінде TikTok және Discord-та деструктивті және жағымсыз мазмұнды құруға жол бермеу	Желтоқсан	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Ақпарат фракциясы**

Қайырымдылық фракциясының жылдық жұмыс жоспары.

№	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Қайда қаралады	Жауапты
1	«Ерiктiлер»жұмысын жандандыру	Жыл бойы	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Қайырымдылық фракциясы**
3	Оқушылардың іс-шараға қатысуын қадағалау	Жыл бойы	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Қайырымдылық фракциясы**
4	«Жомарт жүрек» акциясы	Жылына 2 рет	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Қайырымдылық фракциясы**
5	«Қайырымдылық - қайырлы іс» жәрмеңке	Жылына 2 рет	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Қайырымдылық фракциясы**
6	«Қазіргі жастардың өмірлік басымдықтары» *«Қамқорлық» акциясы*	ақпан	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Қайырымдылық фракциясы**

Ұшқыр ой дебат фракциясының жылдық жұмыс жоспары.

№	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Қайда қаралады	Жауапты
1	«Ұшқыр ой» жылдық жоспарын құру	Қыркүйек	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Ұшқыр ой дебат фракциясы**
2	Мектеп қыздарының тазалығы	Жыл бойы	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Ұшқыр ой дебат фракциясы**

3	«Білім артық па, байлық артық па?» дебат	Қараша	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Ұшқыр ой дебат фракциясы**
5	«Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?» шығарма	Қаңтар	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Ұшқыр ой дебат фракциясы**
6	«Мәңгілік Елдің мызғымас 7 негізі»	Қаңтар	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Ұшқыр ой дебат фракциясы**
7	«Атадан-өсиет, анадан-қасиет» *(тыйым сөздердің мағынасы)*	Ақпан	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Ұшқыр ой дебат фракциясы**
8	«Барлық жағынан жетістікке жетудің сыры неде?» пікірсайыс	Ақпан	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Ұшқыр ой дебат фракциясы**

Мектеп президентінің жылдық жұмыс жоспары.

№	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Қайда қаралады	Жауапты
1	Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерін біріктіру	үнемі	Өзін-өзі басқару жиналысында	Мектеп президенті
2	Мектептегі тәртіпті қадағалау	үнемі	Өзін-өзі басқару жиналысында	Мектеп президенті
3	Оқушыларды барынша мектеп өміріне қатыстыру	үнемі	Өзін-өзі басқару жиналысында	Мектеп президенті
4	Саналы,патриот оқушыларды тәрбиелеуге үлесімді қосу	үнемі	Өзін-өзі басқару жиналысында	Мектеп президенті

5	Өзіне қойылған міндеттерді орындау	үнемі	Өзін-өзі басқару жиналысында	Мектеп президенті

Өзін-өзі тану және бақыт фракциясының жылдық жұмыс жоспары.

№	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Қайда қаралады	Жауапты
1	«Мейірім толы жүрек» сурет байқауы	Қараша	Өзінөзі басқару жиналысында	**Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы**
2	«Әдеп – ең қымбат мирас» шығарма	Қараша	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы**
3	«Ассамблеясы жастары» жетекшілерінің мектептің өзін-өзі басқару өкілдерімен «Бейбітшілік пен келісім сабақтары» форматында мотивациялық кездесулер өткізу	Қаңтар	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы**
4	«Рәміздер мақтанышымыз» патриоттық шарасы	Жылына 2 рет	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы**

Экология және еңбек фракциясының жылдық жұмыс жоспары.

№	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Қайда қаралады	Жауапты
1	«Менің- ағашым» мектеп алдын көгалдандыру акциясы	Сәуір	Өзінөзі басқару жиналысында	**Экология және еңбек фракциясының**

2	«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» қолөнер көрмесі	Наурыз	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Экология және еңбек фракциясының**
3	«Табиғат тамашалары» Сурет байқауы	Сәуір	Өзінөзі басқару жиналысында	**Экология және еңбек фракциясының**
4	«Бір реттік ыдыстардың пайдасы мен зияны туралы» пікірсайыс	Сәуір	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Экология және еңбек фракциясының**
5	«Сақ болсаң, сау боласың!» марафон видео	Желтоқсан	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Экология және еңбек фракциясының**
6	«Шығыстың киелі мекендеріне саяхат»	Мамыр	Өзін-өзі басқару жиналысында	**Экология және еңбек фракциясының**

Бекітемін:
Мектеп директоры:
Ш.Т.Отаров

№3 ХРОМТАУ ОРТА МЕКТЕБІ
2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ «БОЛАШАҚ» ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

№	Оқушының аты-жөні	Фракция атауы
1	Сарбасов Аян	Мектеп президенті
2	Серік Альтаир	«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымының Ұланбасы
3	Еркін Нұрдаулет	Ұланбасының көмекшісі
4	Куралбаев Мирас	Спорт фракциясы
5	Алиев Ернур	Спорт фракциясының көмекшісі
6	Рамазан Адель	Құқық және тәртіп фракциясы
7	Куандыков Аян	Құқық және тәртіп фракциясының көмекшісі
8	Отарбаева Аяулым	Қамқорлық фракциясы
9	Қасымбек Айсана	Қамқорлық фракциясының көмекшісі
10	Орынбасарова Гүлжүзім	Экология және еңбек фракциясы
11	Серік Ақбота	Экология және еңбек фракциясының көмекшісі
12	Сердалина Камила	Экология және еңбек фракциясының көмекшісі
13	Темірғали Аружан	Мәдениет және өнер фракциясы
14	Азаматұлы Жомарт	Мәдениет және өнер фракциясы
15	Кенжемұратқызы Ақсезім	Мәдениет және өнер фракциясының көмекшісі
16	Қуан Алия	Дебат қозғалысы фракциясы
17	Муафик Гүлжүзім	Дебат қозғалысы фракциясының көмекшісі
18	Дүйсенбай Нургул	Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы
19	Уразбаева Карина	Ақпарат фракциясы
20	Қайрбайев Қанат	Ақпарат фракциясының көмекшісі
21	Сарсенғали Азамат	Экология және еңбек фракциясы

№3 Хромтау орта мектебі «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының іс-шараларының

Анықтамасы

№3 Хромтау орта мектебінің "Мектеп парламенті" өзін-өзі басқару ұйымының алғашқы отырысы өтті.Отырыста көтерілген мәселелер:

- Мектеп парламентінің жаңа құрамын сайлау;
- Мектеп парламентінің президентіне үміткерлерді іріктеп,сайлау өткізу;
- Мектеп парламенті құрамын жаңа оқу жылындағы жұмыс жоспарымен таныстыру;






Мектеп парламенті «Жастар орталығының» ұйымдастыруымен өткен «Алматы студенттер Альянсы» корпоративтік қорының мүшесі,»Ules» жобасының жетекшісі Тіленшиева Шынар Мұратқызымен кездесуге қатысты.



Мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының бастауымен отбасы күніне орай "Мен және менің отбасым" тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды.





Мектеп парламентінің президенттігіне үміткерлер іріктеліп,өз бағдарламаларын ұсынды.Мектеп парламентінің президентіне үміткер оқушылар 10 «а» сынып оқушысы Дузбай Абдуллах,10 «ә» сынып оқушысы Сарбасов Аян,10 «ә» сынып оқушысы Куралбаев Мирас.







Мектеп президентіне үміткерлер сайлау алды бағдарламаларын қорғады.
Мақсаты:
- Оқушылардың қоғамдық әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;





Мектеп президентінің сайлауы өтті.3 үміткер қатысты.7-11 сынып оқушылары және ұстаздар қауымы дауыс берді.





Сарбасов Аян -58 % пен Мектеп парламентінің президенті болып тағайындалды.

Дүзбай Абдуллаh - 25% пен "Жас Ұлан" және "Жас Қыран" жасөспірімдер мен балалар ұйымының Ұланбасы болып тағайындалды.

Куралбаев Мирас - 17% пен Спорт және денсаулық фракциясының жетекшісі болып тағайындалды.



58%



25%



17%

"Тіл мәртебесі- ел мерейі"

Мақсаты: Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, мемлекеттік тілдің мәртебесі мен маңызын кеңінен насихаттау, қазақ тілін білу деңгейін көтеру және оқып үйренуге деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру.





«Үлкендер жолы – ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып!» ардагер ұстаздармен сыр-сұхбат.


Мақсаты: Мектеп тарихымен, зейнеткер ұстаздардың еңбектерімен таныстыра отырып, олар туралы мол мағлұмат беру. Оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету. Ұстаз мамандығының қырымен сырларын түсіндіру, ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу.



1- қазан Қарттар күніне орай Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен "Қарттарым- асыл қазынам" тақырыбында акция өткізілді .Акцияда қала көшелерінде серуендеп жүрген ата-әжелерге домбыра мен ашық хаттар таратылды.Ата-әжелер өз игі тілектері мен алғыстарын білдірді








Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен "Көңілді қоңырау" өткізілді.


Мақсаты: Оқушылардың сыйластығын,бір-біріне деген жақсы қарым-қатынасын қалыптастыру,ұйымшылдығын арттыру.Оқушылардың сабаққа көңіл-күйін жақсарту.





Мектеп парламенті күнделекті кезекшілікке шығуда. Мақсаты: Оқушылардың үзіліс кезіндегі өмір қауіпсіздігін қадағалау.






Мектеп парламентінің экология және еңбек фракциясы өз жұмысын бастады.





5 қазан Мұғалімдер күні қарсаңында 11 сынып оқушылары мен мектеп парламенті ұстаздар қауымына арнап мерекелік іс-шаралар ұйымдастырып,ерекше көңіл-күй сыйлады!





5 қазан күні дублёр күні өтті.Оқушылар мектеп әкімшілігі мен ұстаздардың орнын ауыстырып,бір күндік жауапкершілік алды.Дублёр күнін өткізу мақсаты: мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қабілеттерін арттыру болып табылады.





Мектеп парламентінің ұстаздарымызды құттықтауы.






Ұстаздар күніне арналған мерекелік іс-шара өткізілді.



Бастауыш сынып оқушыларын спортқа баулу мақсатында Мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының Спорт фракциясының жетекшісі Куралбаев Мирас пен Алиев Ернур дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Сермагамбетова Гулден Айкургеновнамен бірге 3 в сыныбына дене шынықтыру пәнінен сабақ беріп,оқушыларға жаттығу жасатты.



"Ашық жүрек" жобасы аясында "Қарты бар ел- қазыналы ел" тақырыбында ауданымыздың қарт тұрғындарының ауласын тазалауға мектеп волонтерлары белсенділікпен ат салысты.






"Жас Ұлан", "Жас Қыран" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының Ұланбасы Дүзбай Абдуллаһ 2 және 5 сынып оқушыларына ұйым туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп,ұйым атрибутикасымен таныстырды.







Отбасындағы әкенің орнын түсініп,оған деген қажетті қадір-қасиет сезімін тәрбиелеу,оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында жүзеге асырылып отырған мектепшілік «Әке жолы-ізгі жол " жобасы аясында «Менің әкем- мен үшін дара тұлға » тақырыбында Мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының мәдениет және өнер фракциясының жетекшісі Кенжемұратқызы Ақсезімнің әкесімен бірге дайындаған бейнебаяны.Әке тәрбиесін насихаттау,қазіргі қоғамдағы әкенің орны мен рөлін айқындау,әкелерге алғыс айту мақсатында жүзеге асырылып отырған мектепшілік «Әке жолы-ізгі жол " жобасы аясында «Менің әкем- мен үшін дара тұлға » тақырыбында Мектеп президенті Сарбасов Аянның әкесімен бірге дайындаған бейнебаяны.





Мектеп Парламент оқушылардың өзі-өзі басқару ұйымының кезекті жиналысы өтті.

Мақсаты: оқушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесіне әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.





Білім алушылардың жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ету, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мақсатында "Білім артық па? Байлық артық па?" тақырыбында Мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымымен дебат сайысы өтті.Мақсаты: Заман талабының сұранысына санасы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру.

Міндеттері:

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру.

Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;

Талантты жастарды ынталандыру;

Мектеп оқушылары арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру;

Мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауын дамыту;





Балалардың өмірге қажетті білік-дағдыларын тереңдете отырып,ұлттық әдеп-ғұрып пен салт-дәстүрге баулу, сәлемдесу, қонақ күту,сыйластық, үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқор болу тәрізді әдептілік қағидаларын меңгерту арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында 9 сынып оқушыларымен "Әдеп- ең

қымбат мирас" тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілердіқабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында көп мәдени орта құру.





№3 Хромтау орта мектебінде мектеп парламентінің ұйымдастырылуымен ұстаздарға және мектеп қызметкерлеріне жағымды көңіл - күй сыйлау мақсатында "Тілек күні" ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушылардың ізгілік, жақсылық туралы ұғымдарын кеңейту. Оқушыларды жақсылықты бойына сіңіруге, жағымды қарым қатынас жасай білуге үйрету. Сүйіспеншілікке, ойлылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу.







№3 Хромтау орта мектебінде жас ұрпақтың бойында адамгершілік қасиеттер мен мейірімділікке, жанашырлыққа, қамқор болуға тәрбиелеу мақсатында Өзін - өзі басқару және "Жас Ұлан" ұйымының ұйымдастыруымен "Қайырымдылық - қайырлы іс" акциясы өткізілді. Акция барысында оқушылар ауа райының күрт салқындауына байланысты көшені қардан тазартушы,жол жөндеуші кісілерге ыстық кофе мен тәтті тоқаш таратты. Мақсаты: Жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, қамқорлық, қайырымдылық сияқты асыл қасиеттерді бойына дарыта отыра, қиянат жасамау құндылығының мәнін ашу.

Міндеттері:

Жақсылық жасауға, әрқашан көмекке келуге, бірлесіп еңбек етуге үйрету;

Жақсылық жасай білу іскерліктерін дамыту;

Қайырымдылыққа, ізгілікке тәрбиелеу;





№ 3 Хромтау орта мектебінде 16 – желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай ұстаздар мен оқушыларға додокаэдро ұйымдастырылды. Тақырыбы: «Тәуелсіздік тірегім,Қазақстан жүрегім».


Мақсаты:

- Оқушыларға Қазақстан туралы,оның Тәуелсіздігі туралы мәлімет беру,Тәуелсіздікке қалай жеткенін баяндау,көрсету;
- оқушыларды өз елін сүюге,қадірлеуге,осы елдің ұланы екенін мақтан етуге баулу,өз ана тілін сүюге,әдемі сөйлеуге үйрету
- Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата - бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға - апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету.
- Оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту.
- Елін, жерін сүюге, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу.





Көңілді қоңырау





26 желтоқсан және 28 желтоқсан аралығында №3 Хромтау орта мектебінде 0 - 11 сынып оқушыларына “Қош келдің Жаңа жыл!” атты ертеңгілігі өткізілді. Ұлу жылын қарсы алуға асыққан бүлдіршіндер жасыл шырша жанында Аяз ата мен Ақшақарды қарсы алып, ән мен биге қарық болды. Әр сынып өз өнерлерін көрсетіп, сыйлықтар алды. Жаңа 2024 жыл баршамызға мол бақыт пен зор денсаулық әкелсін. Мақсаты: оқушыларға мерекелік көңіл күй тудыру, шыршаның қалай әдемі де сәнді безендірілгеніне балалардың, Аяз атаның, ақшақардың, жалмауыз кемпірдің карнавалдық киімдеріне назар аударту, көңілді ойындар ойнату, достық қарым - қатынас ояту, аудиторияға мерекелік көңіл күй жасау.

№3 Хромтау орта мектебінде “Салауатты өмір - көтеріңкі көңіл” атты мектепішілік волейбол жарысы өткізілді. Іс-шараға 9-11 сынып оқушылары белсенді қатысты. Шараның мақсаты – оқушылар арасында волейбол ойынын насихаттау, аталған спорт түрімен жүйелі түрде айналысуларына жол ашу және мектеп оқушылары арасында салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту.Нәтижелері бойынша: 9 а сыныбы «Смарт» командасы - 1 орын. 10 а Алтын командасы - 2 орын. 10ә «Достық» командасы - 3 орын иеленді.





Мектеп парламентінің отырысы

Мектеп парламентінің кезекті отырысы өтті. Парламент-оқушылардың білім беру ұйымының өзін-өзі басқаруына, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мәселелерін шешуге қатысуының бір түрі. Мектеп Парламентінің мүшелері отырыс барысында мектеп оқушысының ішкі мәдениеті, өзін – өзі басқаруына аса мән беріп, өзара пікір алмасты.





«Досболlike: достық қолын ұсын» акциясы.

Акцияның мақсаты:

- мектеп ортасында жасампаз ұжымдық шығармашылық негізінде позитивті қатынастарды қалыптастыру үшін жағдай жасау;

Акцияның міндеттері:

- Өзара шығармашылық іс-қимыл жағдайында оқушылардың, педагогтердің және ата-аналардың ынтымақтастығы үшін қажеттілікті қалыптастыруға жәрдемдесу;

Шығармашылық ынтымақтастық негізінде оқушылардың эмоционалды әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін позитивті қарым-қатынастың тиімді түрлері туралы қатысушылардың түсініктерін кеңейту;





31 қаңтар күні мектебімізде «Бір мақал – бір бауырсақ» акциясы өтті. Акцияның мақсаты ана тіліміздің мәртебесі мен ұлттық дәстүрімізді ұлықтау. Қазақ тіліне деген құрметтің жоғары екендігін көрсету. Акцияға мектеп оқушылары мен педагогтер белсене қатысты.

Акция барысында түрлі тақырыптарда мақал-мәтелдер айтылды. Акцияға белсене қатысқан қатысушыларға бауырсақ үлестірілді.





Мектеп парламентінің кезекті отырысы өтті. Парламент-оқушылардың білім беру ұйымының өзін-өзі басқаруына, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мәселелерін шешуге қатысуының бір түрі. Мектеп Парламентінің мүшелері отырыс барысында мектеп оқушысының ішкі мәдениеті, өзін – өзі басқаруына аса мән беріп, өзара пікір алмасты.





Тақырыбы: “Барлық жағынан жетістікке жетудің сыры неде? “ пікірсайыс . Мақсаты: Қоғамдағы проблемаларға айналған өзекті тақырыптарды оқушыларға өз ойын ашық айта білуіне бағыт-бағдар беру. Жетістікке жетудің жолдары туралы өз пікірлерін, ойларын қалыптастыру.





№3 Хромтау орта мектебінде “ Қамқорлық “ акциясы өткізілді. Мақсаты:Оқушыларды үлкенді сыйлау, қамқорлық көрсету, риясыз мейірімді болуға үйрету мақсатында мектебімізде “Қазіргі жастардың өмірлік басымдықтары” тақырыбында “Қамқорлық” акциясы өткізілді.Акция барысында оқушылар қамқорлық рамкасымен суретке түсу арқылы бір-біріне деген жылулық пен мейірімділікті орнатты.






Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Жомарт жүрек » акциясы өткізілді. Акцияның мақсаты – жастардың бос уақытын тиімді пайдалана отырып, қайырымды, мейірімді болуға, жанашырлыққа, мейірбандылыққа, өз елін, жерін құрметтеуге, үлкенге ізет көрсетуге тәрбиелеу.Сонымен қатар қала тұрғындарына жақсы көңіл-күй сыйлау.



№3 Хромтау орта мектебінде 1- наурыз Алғыс айту күніне орай Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Алғысым шексіз...» атты шара ұйымдастырылды. Мақсаты: балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру, үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту, әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

Іс-шара барысында оқушылар өрт сөндірушілерді, полиция қызметкерлерін,аспазшыларды,мұғалімдерді,дәрігерлерді Алғыс айту күнімен құттықтап, тәттілер таратты.







1 наурыз - Алғыс айту күніне орай №3Хромтау орта мектебінің ұжымына арналған “Алғыс айту- парызым” атты мерекелік концерт өткізілді. Оқушылар шара барысында өз өнерлерін көрсетіп, мектеп ұжымына деген өз алғыс сезімдерін білдіріп тәттілер таратты.





№3 Хромтау орта мектебінің Мектеп парламенті ұстаздар мен оқушыларды 8-наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтайды!
8 наурыз - жылдың ең аяулы, жарқын және тамаша күні! Құрметті арулар, шаңырақтарыңыз бен өмірлеріңіз жылулыққа толы болсын. Табиғаттың әсемдігі шабыт берсін. Көктемнің басы өмірлеріңіздегі өте қалаулы және әдемі оқиғаның бастамасын білдірсін! Мерекелеріңізбен!





14 наурыз – Көрісу күні. Бұл күнді Амал мерекесі деп те атайды. Адамдар осы күні бұрынғы өкпе-ренішін кешіріп, бір-біріне амандық-саулық тілейді







№3 Хромтау орта мектебінің Мектеп парламенті және 11 сынып оқушыларымен бірлесіп "Таза Қазақстан" челленджіне белсене қатысты. Тазалық – табалдырықтан басталады» демекші, қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Тазалықты жанына серік еткен оқушылар бүгінде сенбілікте ерекше белсенділік танытуда.






1 - мамыр Бірлік күніне орай ұзақ үзілісте оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында " Ырыс алды - ынтымақ" тақырыбында викторина ойнатылды . Оқушылар бірлік күніне байланысты сұрақтарға жауап беріп көңілді көңіл күйде тарқады.





Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Құстар - біздің досымыз!» акциясы өткізілді.Акция барысында Өзін-өзі басқару ұйымының экология фракциясы өздері жасаған ұяларды ағаштарға орналыстырды.Акцияның мақсаты: оқушыларды қоршаған ортаны аялауға,жан-жануарлар мен құстарға қамқор болуға үйрету.





Мектеп парламенті ұйымының Өзін-өзі тану және бақыт фракциясының ұйымдастыруымен «Мейірімді жүрек» акциясы өткізілді .Оқушылар ардагер ұстаздарымыз Д.Қошабаев пен Г.Ж.Бажаканованың үйіне барып үй шаруашылығына көмектесіп қайтты.



